



050013 Алматы қ., Сәтбаев к-сі 16-18, 18а, 712 офис
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru
www.edurk.kz

050013 г. Алматы, ул. Саттаева 16-18, 18а, 712 офис
тел./факс: 8 (727) 262-14-28, 262-14-42
e-mail: info@edurk.kz, avrk@mail.ru
www.edurk.kz

Шығ. №644-А-14
«15» қазан 2014 ж.

Қазақстан Республикасы
жоғары оқу орындарының
ректорларына

Құрметті әріптестер!

Жыл сайын Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының қауымдастығы дәстүрлі түрде қазақ ұлт-азаттық көтерілістері тарихына арналған конференциялар ұйымдастырып келеді. Бұл үрдіс биыл да өз жалғасын таппақ. Аталған конференцияның атауы мен мазмұны жыл сайын өзгеріп, мазмұны мен ауқымы кеңейіп келеді. Биыл І-ші Дүниежүзілік соғыстың басталғанына жүз жыл толып отырғандықтан, конференция тақырыбы осы мәселеге арналмақ. Онда осы бір сұрапыл соғыстың себеп-салдары мен қазақ халқына тигізген зардабы турасында жан-жақты талқылаулар ұйымдастырылмақ.

Дәстүрлі түрде өтетін конференцияға белгілі тарихшылар, жас ғалымдар, жоғары оқу орындарының ұстаздары, тарих факультетінің оқытушы мұғалімдері мен профессорлары, ғылыми зерттеу институтының ғалымдары мен қызметкерлері, студенттер және БАҚ өкілдері қатысады деп жоспарлануда.

Бұл конференциялардың тағы бір ерекшелігі жыл сайын осында оқылатын және арнайы жіберілетін баяндамалар жинаққа топтастырылып, жарық көріп келеді. Олар: «Қазақ қолбасшылары» (2011), «Қазақ көтерілістері және азаттық мұраты» (2012) т.б.. Ал, 2013 жылдың 11-желтоқсан күні өткен «Қазақ көтерілістері: ақтаңдақтардан ақиқатқа» атты ғылыми-тәжірбиелік конференцияның негізінде «Қазақ көтерілістері» атты көлемді энциклопедия жарық көріп отыр. Аталмыш кітаптың тұсаукесер рәсімі 2014 жылдың 12-желтоқсанында өтеді деп жоспарлануда.

Адамзат тарихында қанды таңбасын қалдырған, әлем бойынша 38 мемлекеттің халқы қатысқан І-ші Дүниежүзілік соғыста қаза тапқан жауынгерлердің саны шексіз болды. Оның ішінде қазақтар да болған.